

## Тараз қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 126 бірлескен қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2023 жылғы 1 шілдедегі № 4-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 шілдеде № 5060 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Тараз қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Тараз қаласының келесі құрамдас бөліктеріне:

қаланың солтүстік-шығысында орналасқан жеке тұрғын үйлерге арналған алапқа Тастақ алабы;

10-көшеге Кейкі батыр көшесі атаулары берілсін.

2. Тараз қаласының келесі құрамдас бөліктері:

қаланың оңтүстік-батысында орналасқан Алатау 1-тұйық көшесі Жақсылық Үшкемпіров көшесіне;

қаланың солтүстік-шығысында орналасқан Алатау 1-тұйық көшесі Әбілсейіт Айқанов көшесіне;

Бейбітшілік көшесі Шерхан Мұртаза көшесіне;

Модест Мусоргский көшесі Арыстан баб көшесіне;

Модест Мусоргский 1-тұйық көшесі Арыстан баб 1-тұйық көшесіне;

Модест Мусоргский 2-тұйық көшесі Арыстан баб 2-тұйық көшесіне;

Төңкеріс көшесі Қасым Аманжолов көшесіне;

Төңкеріс тұйық көшесі Қасым Аманжолов тұйық көшесіне қайта аталсын.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының*

*әкімі*

*Жамбыл облыстық*

*мәслихатының төрағасы*

*Н. Нуржигитов*

*А. Нуралиев*